

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған «Сейфуллин оқулары – 17: «Қазіргі аграрлық ғылым: цифрлық трансформация» атты халықаралық ғылыми – тәжірибелік конференцияға материалдар = Материалы международной научно – теоретической конференции «Сейфуллинские чтения – 17: «Современная аграрная наука: цифровая трансформация», посвященной 30 – летию Независимости Республики Казахстан.- 2021.- Т.1, Ч.1 - С.231-235

"АСТАНА - ӨНІМ" АҚ ГОЛШТИН ҚАРА-АЛА ТҰҚЫМЫ ТӨЛДЕРІН ӨСІРУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ

*Бекқожин А.Ж.,
Максұтова М.Ж.*

Аннотация

Мақалада "Астана - өнім" АҚ Голштин қара – ала тұқымының төлдерінің өсуі мен дамуын зерттей отырып, бағалаған нәтижелері берілген.

Кілт сөздер: Голштин тұқымы, тірілей салмағы, орташа тәуліктік өсім, дене өлшемдері, дене индексі, коэффициент, сүтті ірі қара.

Төл өсіру - малдан алынған ұрпақты аман сақтап, жетілдіру. Төл өсіру кезеңіне байланысты азықтандыру деңгейі мен құрылымын, бағып - күту тәртібін, баптау мен шынықтыруын өзгерту арқылы төл тегіне (тұқымына) тән қасиеттерінің жан - жақты жетілуін қамтамасыз етеді. Ол үшін мал организмінің дамуына сыртқы қоршаған орта жағдайларының (ашық, жарық, жылылық, т.б.) әсерін жетік білу қажет [1].

Бұзау тұратын қора таза, жарық, әрі екі қатарлы. Бір жақ қатарда ірі қаралар болса, екінші қатарда бұзаулары болады. Бұзау шарбағын өздері еметін ірі қараларға қора есігін қарсы жасайды. Шарбақтың есігі ашылысымен, бұзаулар сүт ему үшін үйренген ірі қараларға жүгіреді. Бұзаулар ірі қараға алғашқы уақытта күніне 3 рет, кейін 2 рет жіберіледі. Бұзауларды жіберерден бұрын ірі қараның желінін жылы сумен жуу керек. Қалған уақыттарда бұзауларға шөп, көк азық және жем береді. Қыс айларында бұзау қораларында температура 10 – 12 С тан кем, ал ылғалдылығы 75 – 85 % - дан артық болмауы керек. Жас малдың жақсы өсуіне жарық өте қажет, әсіресе ультракүлгін сәуленің әсері зор. Ультракүлгін әсерінен ағзада Д витамині пайда болады, ал қанда гемоглобин мен эритроциттің көбеюіне, минералды заттың алмасуына, қан айналысының жақсаруына әсер етеді. Күз және қыс айларында төлге ультракүлгін сәулемен әсер ету физиологиялық процеске жақсы. Бұзаулардың тәуліктік салмақ қосу 15 процентке артады, жем – шөпті жақсы жейді, әрі сүйек ұлпасы өседі [2].

Төлдің өсіп – жетілуіне және өнімнің қалыптасуына оларды уақытында серуендетудің маңызы зор. Үнемі серенде болған тұмса ірі қараның серендеуде болмағандарымен салыстырғанда сүті 15 – 20 процент артық

болады. Бұзауларда іш аурулары болмас үшін оларға 3 апталығында ацидофиль айранын, сұлы киселін және пішен тұнбасын береді [3].

Жұмыстың мақсаты: голштин қара – ала тұқымы төлдерін өсіруге байланысты талдау жүргізу.

Зерттеу нәтижелері

Тәжірибеге голштин қара – ала тұқымының шаруашылық жағдайында бағып - күтілген 15 тайыншалар алынды. Зерттеу жұмыстары өсіп - даму көрсеткіштері бойынша жүргізілді. Төлдің өсіп - дамуы малдың ет және сүт өнімділігіне үлкен әсерін тигізеді және сүтті ірі қара шаруашылығында басты селекциялық белгі болып саналады. Сүтті мал шаруашылығында сиырлардың тірілей салмағы және дене сипаты олардың асыл тұқымдық құндылығының маңызды көрсеткіші. Сүтті тұқымды малдардың қолданыстағы нұсқаулығына сәйкес олардың сүт өнімділігі неғұрлым жоғары болған сайын жоғары бағаланады.

Голштин қара – ала тұқым тайыншаларының тірілей салмағы 1 кестеде көрсетілген.

1 кесте - Төлдердің тірілей салмағы (n=15)

	Тайыншалардың жеке нөмірі	Тайыншалардың туған күні	Тірілей салмағы 6 ай	Тірілей салмағы 12 ай	Тірілей салмағы 18 ай
1	KZC159212769	18.02.2018	128	228	323
2	KZC159212484	03.02.2018	135	235	326
3	KZC159212509	25.03.2018	156	250	322
4	KZC159212755	08.02.2018	150	246	328
5	KZC159212659	28.04.2018	145	244	317
6	KZC159212805	19.02.2018	148	238	319
7	KZC159212478	19.05.2018	118	244	328
8	KZC159212694	27.03.2018	125	236	320
9	KZC159212753	10.03.2018	143	245	322
10	KZC159212559	09.07.2018	152	247	325
11	KZC159212506	15.01.2018	139	249	318
12	KZC159212638	24.04.2018	131	240	329
13	KZC159212739	03.02.2018	146	245	326
14	KZC159212752	11.02.2018	149	249	323
15	KZC159212767	24.06.2018	155	227	320
n=15			141	242	323

1 - кестеге сәйкес, 15 төлдің тірілей салмағының орташа көрсеткішін есептедім. Ең жоғарғы салмақ 6 айда 156 кг, 12 айда 250 кг, ал ең төменгі салмақ 6 айда 118 кг болды. Орташа көрсеткіш 6 айда 141 кг, 12 айда 242 кг, 18 айда 323 кг болды.

Голштин қара – ала тұқым тайыншалары мен бұқашықтардың орташа тәуліктік салмақ қосуы 2 кестеде келтірілген.

2 кесте – Голштин қара-ала тұқым тайыншаларының орташа тәуліктік салмақ қосуы, г (n = 15)

Жасы, ай	Тайыншалар	Бұқашықтар
6	624,3±44,6	770,3±34,6
12	533,2±54,4	655,0±47,5
18	645,3±47,2	736,0±48,3

Кестедегі деректерден тайыншалардың орташа тәуліктік өсу деңгейі айлар бойынша әртүрлі екенін көреміз: алғашқы 6 айында салмақ қосым салыстырмалы түрде жоғары деңгейде, бұл бұзаулардың емізілуі оң әсер етеді деген сөз. 12 айында орташа тәуліктік өсім күрт төмендейді, ол жыл маусымының төлге әсері, яғни қысқы уақытта ауа-райының салқындығы салдарынан рацион нашарлауы мүмкін, ол сәйкесінше өсімнің төмендеуіне әкеледі. 18 айлығында қарай кейбір өлшемдер өсеуіне жазғы кезеңнің басталуы және жем-шөп базасының қолайлылығы мүмкіндік береді. 18 айлығында өсімтал төлдердің орташа тәуліктік өсімі 645,3 г құрады.

Малдың бойын өлшеу – оның экстерьері туралы нақтылы деректер береді, және екі малды сыртқы пішіні жағынан дәлірек салыстыруға болады. Өлшеу тәсілі керекті құралдар арқылы дене мүшелерін өлшейді:

- Өлшеу таяғымен;
- Сантиметрлік таспамен;
- Циркульмен.

Голштин қара – ала тұқымды тайыншаларынан алынған дене өлшемдері 3 кестеде берілген.

3 кесте – 6,12,18 айлық голштин қара-ала тұқым тайыншаларынан алынған дене өлшемдері (n = 15)

Өлшемдер, см	Тайыншалар					
	6 ай	Тұқым стандарты	12 ай	Тұқым стандарты	18 ай	Тұқым стандарты
Шоқтығының биіктігі	97,2±0,8	98	108,5±0,5	109	125	125
Құйымшақтың биіктігі	103,8±0,2	104	108,2±0,8	109	119,2±0,8	120
Кеуде тереңдігі	39±0,1	40	49,4±0,6	50	60,7±0,7	60
Кеуде жалпақтығы	28±1,2	30	37,3±0,3	37	42,8±1,2	44
Кеуде орамы	128±1,4	130	165±5	170	178,2±1,8	180
Тұрқының қиғаш ұзындығы	86±1,7	85	109,5±0,5	110	136,5±1,5	135
Жамбас жалпақтығы	66,5±1,5	68	93,4±0,6	94	109,4±0,6	110
Шонданай төмпешігінің ені	16±0,2	17	25,6±0,4	26	33,2±1,8	35
Жіліншік орамы	17±0,3	18	24,7±0,7	25	28,8±1,2	30

3 кесте бойынша, 6 айлық Голштин қара ала тұқым тайыншалары ірі болып, шоқтықтағы биіктігі бойынша $97,2 \pm 0,8$ болды. Голштин қара-ала тұқым 12 айлық тайыншаларының көрсеткіші 108,5 ал, 18 айлық тайыншалар 125 см 12 айлық тайыншалардан +16,5 см артық болды. Ал құйымшақ биіктігінің көрсеткіші 18 ай тайыншалар 119,2 болды 12 айлық тайыншалардан 11 см артық болғаны байқалды.

Мал тұлғасының индексі деп, анатомиялық тұрғыдан бір-бірімен байланысы бар екі дене мүшелері өлшемдерінің проценттік ара қатынасын айтады. Сонымен, тұлға индексі екі дене мүшесінің бір-бірімен салыстырмалы жетілу дәрежесін, бір-біріне сәйкестігін сипаттайды [4].

Голштин қара – ала тұқымды тайыншаларының дене индексі 4 кестеде көрсетілген.

4 кесте - 12,18 айлық голштин қара-ала тұқым тайыншаларының дене индексі, % (n = 15)

Индекстері, %	Тайыншалар			
	12 ай	Тұқым стандарты	18 ай	Тұқым стандарты
Сирақтылығы	54,4	55	51	51
Ұзындығы	101	101	109	110
Тұрқымен салыстырғанда көкірек арасы	150	150	130,5	130
Кеудесі	75,5	76	70,5	70
Жамбасы мен кеудесі	146	146	129	130

Бойшаңдылығы	100	100	93	93
Бөкселік	74,6	75	90	90
Сүйектілігі	22,7	23	23,04	24

Малдың дұрыс өсіп жетілгенін анықтау, дене құрылысының сыртқы сымбатын бағалау, әрі малдың конституциялық типін білу үшін дене құрылысының индексі есептейді. Екі мүше өлшемі анатомиялық ерекшеліктері арқылы бірімен - бірі байланысты болады. Дене құрылысы индексі есептеу арқылы малдың типіне толық сипаттама беріледі, оның жасының өзгеруіне қарай дене құрылысындағы өзгерістер анықталады. Келтірілген өлшемдер арқылы тайыншалардың ең маңызды индекстері есептелінді, нәтижесі 4 кестеде келтірілген.

Қорытынды

Жас төлдердің денсаулығын сақтау тек мал дәрігері мамандарының ғана емес барлық мал өсіріп, өнімі өндіруімен айналысқан адамдардың алдындағы проблемалық мақсаты болып саналады.

Мал дәрігерлері жас төлдердің жекелеме гигиеналарын сақтауы маңызды орын алады. , яғни жаңа туылған төлдерде иммунитет қалыптасып, дамығанша оларды зерттеу, қан алу, егу және емдеу жұмыстарын жүргізіп, гигиеналық талаптар мұқият қаралады.

1 кесте бойынша, Голштин қара ала тұқым 18 ай тайыншаларының орташа көрсеткіші 323 жетті.

3 кесте бойынша, 6 айлық Голштин қара ала тұқым тайыншалары ірі болып, шоқтықтағы биіктігі бойынша $97,2 \pm 0,8$ болды. Голштин қара-ала тұқым 12 айлық тайыншаларының көрсеткіші 108,5 ал, 18 айлық тайыншалар 125 см 12 айлық тайыншалардан +16,5 см артық болды. Ал құйымшақ биіктігінің көрсеткіші 18 ай тайыншалар 119,2 болды 12 айлық тайыншалардан 11 см артық болғаны байқалды.

Жоғарыда келтірілген дене өлшемдерін пайдалана отырып, есептелген тұлға индекс көрсеткіштері ұсынылған. Дене өлшемдері стандарт талаптарына сай келуіне орай индекстерінің көрсеткіштері қанағаттанарлық. Голштин қара ала тұқымының 6, 12, 18 айлық жастағы тайыншаларының өсуі және даму көрсеткіштерінің мәліметтері келтірілген. Алынған мәліметтер бойынша Голштин қара-ала тұқымының әртүрлі жастағы тайыншалардың өсуі мен дамуы өте қарқынды түрде өткені көрінеді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Антал Я, Благо Р, Булла Я, Сокол Я, Птак Е.И. (1986) «Ірі қара төлдерін өсіру», «Агропромиздат» , 5 б.

2. Горелик О.В, Костомахин Н, Никонова А. (2018) «Сүтті мал шаруашылығында мал басын толықтыратын төлді өсіру кезіндегі әдіс», Бас зоотехник. 22-32 б.

3. Барнев В. (2008) «Сегодня – телочка, завтра – корова», журнал «Животноводство России» С. 51-53.

4. Bach A, Domingo L, Montoro C, Terré M. (2013), “Short communication: insulin responsiveness is affected by the level of milk replacer offered to young calves”, “J Dairy Sci”. №96(7). p. 4634–4637.